


«АР ІСІН» ЖАЛҒАСТЫРҒАН АРДА АЗАМАТ

Ардың ісіне баланған әдебиетті жаратушылар да, таратушылар да – жеке тұлғалар. Әдебиет, ен алдымен, кездейсоқ келген пенделерден аман болғаны жөн. Осы жағынан келгенде, өнірдегі әдебиет ғылымина ден қойған азаматтарымыздың саусақпен санаарлық екені жасырын емес. Әйтсе де фольклортану саласының Керекулік ғұлама әулиелерден басталып, ғылымилану түгърының да осы өнірде биқтеген қуантады. Фольклордың басы Мәшһүр Жүсіп бабамыз болса, орта тұста Ә. Марғұлан мен Б. Ұақатовтың тұлғалары меммұндалайды. Ал оның ғылыми тараптануы Мәшһүр бабамыздың үрпақтарымен жалғасын тауып жатқаны ақырат. Мәшһүр Жүсіп туралы алғашқы ғылыми жұмыста өнірдің болашақ әдебиетші галымының еншісіне бұйырыпты. 1994 жылдың ақпан айында «М.Ж. Қепеевтің әдеби мұрасы» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғалды. Ғылыми жұмыс іесі – Сейфитден Назымбекұлы Сұтжанов.

Сейфитден Назымбекұлы әдебиетке, әдебиеттану іліміне осылай келді десек кейінгінің сезіндей әсер етер. Оның әдебиетке қызығушылығы ерте жастан басталған. Қеңестің содыр таяқ ұстаган тұсында Керекудің орталығы бір ғана қазақ мектебімен қазақы білім таратты. Мектептің «Абай» атын иеленгенінің де иғі әсері болды. Бұл бір. Екіншіден, ол уақыт Абай есімінен алауыздық алшақтап, басшысы да басын ие бастаған шақ болса керек. Үшіншіден, болашағына үлкен үмітпен қарайтын қазақтың қариясы баласын осы мектепке жетелейтін. Сондай балғын жастың бірі – Сейфитден еді. Бала Сейфитденде көудемсөктық жоқ еді. Менмендіктен де ада болатын. Бойына біткен бір қасиет үндемей жүріп іс бітіретін. Білім алу да солай болды. Ешкімнен озып та кетпеді, кейінгі топқа да қосылмады. Бірақ қазіргі күні сонау 1968 жылға көз жіберсеніз, Абай мектебін бітіргендердің әдебиетке тұрақтағаны, тек тұрақтағаны ғана емес, өзінің шығармашылық бақытын тапқаны Сейфитден Назымбекұлы ма дерсің?!

Қазақ мектебін бітірген, оның ішінде керекулік қазақ мектепте оқыған, арғы қөңіл түкпірінде қазаққа деген сүйіспеншілігі жасырынған немесе қазақтың күйін күйттеймін деген кез келген бозбала болашағын КазГУ-мен, оның ішінде филология немесе журналистика саласымен,



байланыстырады. Бозбала Сейфитден де бағын Алматы шаһарынан іздеді. Сөтін салғанын қарасайшы, 1968 жылы армандаған оқуына түсіп, қазіргі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филология факультетін 1974 жылы бітіріп шығады. Бес-алты жыл мәдени ортаның талапкері болған, әрі жарқылдаған жиырма бестегі жігіт елге қайтуды емес, қайтсе сол қалада қалуды ойлайды да, ойластырады. Жастықтың табы мен жігіттікің ойы оны он бес жылдай уақыт ҚР Мемлекеттік кітап палатасына тұрақтатады. Әуелі библиограф, сосын аға редакторы болып жұмыс істейді.

Елге егемендіктің лебі ескен тұста, алдыңғы бозбала, кейінгі жігіт Сейфитден де жүріп өткен жолын саралайды. Тегін кетті дей алмас, бірақ бір олқылықтың бары сезіледі. Кешегі Абай мектебінің қызыу қайда, кейінгі ҚазҰУ-лік ұстаздары не деп еді? Берін қойшы, бойдағы борыш қайда? Мазалаған ой ақыры сыртқа шықты. Алланың бергені сол болар, ойына оралған істің сөті туа кететіні мойынына жазылған ба дерсің? Ендігі еңбек жолын (1989-92) ҰҒАНЫҢ М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында кіші ғылыми қызметкер ретінде бастайды да, 1992-1998 жылдары Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының қазақ әдебиеті кафедрасында аға оқытушы қызметін атқарады. Бұл аралықта, жоғарыда айтқанымыздай, ғылым кандидаты деген ғылыми дәрежені иеленеді. Жоғары оку орындағы қызметі көп нәрсеге жетеледі. Оқығанның ғана жолы даңғыл екенін түсіндірді. Ғылым жолы ынтықсан жетелейтінін түсінді. Осы соңғы алты жыл оны жоғары мектептен ұзап кетпейтінін көрсетті. Расында да солай болды.

Сонан бері өткен аз-көп уақытта С.Н. Сүтжанов өз туған жерінің жоғары оку орындарында қызмет етіп келеді. Бір кездері оқытушы болып еніп еді, онан кейінгі жылдары сатылап өсіп, профессорлық лауазымға жетті. ЖОО-ның кафедра менгерушісі, факультет деканы сынды қызметтерді де атқарады. Қаламы ұшталып, оку құралдары мен монографиялық ізденістерін ғылыми қауымға таратты. Еліміздің баспасөз беттерінде қазақтың мәдени ағарту бағытына орайластырылған мақалалар тізбесін жарықта шығарды. Сөйтіп, ол газет-журнал, көпшілік-танымдық, ғылыми-әдістемелік кітап ақтарған оқырманның жақын танысына айналды.

С.Н. Сүтжановтың ғылыми еңбегі Мәшінүр мұрасымен басталды. 1994 жылғы кандидаттық диссертация қорғалғанға дейін, Мәшінүр Жүсіп Кепеевтің таңдамалы екі томдығы жарық көрген болатын. С. Дәүітовтің құрастыруымен шыққан шығарма кеңес дәүірінің соңғы кезеңі мен егемен елдің алғашқы шығармасы еді. Себебі таңдамалының I томы 1990 жылды жарық көрді де, II томы 1992 жылды жарияланды. С. Дәүітовтің көрсетуінде, «Революцияға дейін ақынның бірнеше кітаптары жарық көрсе, совет дәүірінде таңдамалы шығармалар жинағы алғаш рет шығарылып отыр». Кейіннен Мәшінүртану бүкілелдік бағдарламаға айналғандай болып, қомақты жұмыстар жүргізілді. Жаңа ғасырдың алғашқы бес-алты жылында Мәшінүр әлемі көптомдық кітап болып жарқырай бастады. Ал осы

ғасырдың екінші онжылдығында Мәшһүр бабамыздың еңбектері 20 томдық кітапқа сыйдырылды. Бұл ұжымдық еңбек болатын.

Мұнан басқа жеке авторлыш шығармалар да қазақ мәдениетінің қазынасын толтырып жатты. Соның бірі С.Н. Сүтжановтың – Мәшһүрттану курсы (Дәрістер жинағы). Аты мен заты басқа бұл кітап білім орындары қызметкерлерінің таптырмас құралына айналды. Тіпті, бұл шығарма С. Сүтжановтың өзіне де ең ыстық, ең жақын еңбек болып саналады. Егер ғалымның бүгінгі уақытқа дейінгі жарияланымдар саны 200-ден асылып жығылады десек, соның ішінде ерекше көз тартып тұратыны – осы «Дәрістер жинағы». Себебі басқа еңбектерін, мәселең, үш монография, жеті оқу құралы, жүзден аса мақалалары деп тізбектеуге саласын. Ал «Дәрістер жинағы» бұл санамаққа көнбейді. Ол – бір рет қана шықты, әрі тарихи тұрғыдан бірінші. Дәрістер жинағы 2009 жылы шықты. Оナン кейін қайталанып басылмады. Мәшһүрдің көп томдығының басында жалғыз тұрды. Мәшһүрді қөпшілікке таныстырудың алғашқы құралы болды.

С.Н. Сүтжанов Мәшһүрттану іліміне алғашқыда «М.Ж. Көпейұлының шығармашылық өмірбаяны» әдістемелік нұсқауымен келді де (Алматы, 1994), «Мәшһүр мұрасы» атты оку құралымен ойын орнықтырды (Павлодар, 2001). Ал «Дәрістер жинағымен» қорытындылады. Оның үстінен «Дәрістер жинағы» деп бекіту алғашқы алаш азаматы Қ. Жұбановта кездескен болатын. С. Сүтжанов дәрісінің тарихилыбы осы «дәріспен» ұштасқандығы да еді. Бұл аталған еңбектердің қай-қайсысы болсын, қазақтың ғылыми-әдістемелік ізденүде алғашқы орында тұрды. Аталған еңбектердің арқасында бірмүшел оқырман қалыптасты десек артық болмас. Себебі оқырманның ізденегін алдынан шығып, Мәшһүр бабамыздың библиографиясы мен тарихи шығармаларының құндылығын «іздемей-ақ таптырды». Ал қазіргі жарық көрген баба шығармалары толықтырымен көніл тубінен орын алса керек. Әйтпегендеге бұлақ басында тұрған С. Сүтжанов еңбегінің сүт қаймақтығы анық та қанық болатын.

С. Сүтжановтың еңірлік алаш азаматтарын түгендеуші ғалым десек болады. Өйткені ғылыми мақалаларының өзегін С. Торайғыров, С. Дөнентаев, Қ. Кеменгеров сынды ағартушылар құрды. Мәселең, «Алаш ұранды әдебиеттің алтын діңгегі» атты мақаласында «Баянның барайында бапталып, Ақбеттің шынында шыңдалған жас Сұлтанмахмұт киелі сөз өнерінің өрісіне баспасөз арқылы аяқ басты. Әуелде көсемсөзші ретінде көсілген ол әдебиеттің басқа да жанрларында қалам қарымын қалыптастырыды. Публицистикадан бастап, поэзия, проза және драматургия салаларындағы сапалы дүниелер оның дарынын ғана емес, іздерлі ізденістерінің де іздерін аңғартады», – депті. Ақиқатында, Сұлтанмахмұтты тану/таныту әдебиетші ретінде өзін таныту болатын. Бұл жағынан келгенде С. Сүтжанов та көнде емес. Ғалымның баспасөз беттеріндегі мақалалары – осыған дәлел. Ал поэзия, проза, драматургияға ғалым қалам тартпағанмен, өзінің зерделеу қараетіне тартқаны анық.

Ал «Дәүріне үн қосқан» мақаласында «С. Дөнентаев өзі өмір сүрген қоғамның саяси-әлеуметтік қатпарын жиі сезініп, халқының

қажетін өтеу, сұранысын екшеу тұрғысында қалам қарымын аямады. Бұл тұрғыда ол қазақтың бай ауыз әдебиетімен ғана шектелмей, Абай, Дәрдменд, Тоқай сынды классиктердің шығармашылығынан нәр алды. Соларға еліктеп алғашқы туындыларын жазды. Сәбит ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тақырыптық, жанрлық, идеялық тұрғыда өркендеуінде ерекше үлес қосып, әсіресе, сатира саласының дамуына айтарлықтай еңбек етті. Бұл салада оның ежелгі және жаңа шығыстүркі поэзиясынан сусындал, үлгі алғаны аңғарылады. Сөйтіп, дәуір талабына орай түркі түлектерімен, Алаш азаматтарымен бірлестік тапқанын анық аңғарамыз», – дейді. Әдетте, мұндай мақалаларда айтылған ой-тұжырым алда болар ізденісіне жол сілтейді. Осыдан да болса керек, «Түркі түлектері, Алаш азаматтары» тіркестері кейіннен үлкен ғылыми еңбекті түзуге алып келді.

Алаштың арда азаматтарын алға қойған С. Сүтканов олардың соңынан ерген өнір азаматтарын ұмыт қалдырмай мақала жазды. Ә. Марғұлан, З. Шашкин, Қ. Бекхожин, Е. Бекмаханов, Қ. Үйдірысов шығармашылығы қаламына үйірліп, шығарма иелерінің әр қыры, көркем әдебиеттегі үні, тіпті, кейіпкері арқылы сомдалған өз бейнелері ғылыми арнаға құйылды. Бұл С. Сүтканов мақалаларының кекейтестілігі болатын.

Ғалым С. Сүтканов бірде «Әлкей Марғұланның аса көрнекti еңбектерінің бірі – оның Манас туралы зерттеуі. Ғұлама ғалымның арқасында қазақтың қайталанбас жүлдзызы Шоқан Уалихановтың асыл мұрасы тарихтан лайықты орын алды. Бір ғұламаға татырлық осы еңбектің өзі ғана оның есімін тарих тозаңынан тыс үстай алар еді. Алайда, Әлкей Марғұлан онымен шектелген жоқ. «Бегазы-Дәндібай мәдениеті» деп аталағы кеткен қола дәуірінің ескерткіштерін зерттеп, археологиялық және тарихи жаңалық ашып, кейінгі үрпаққа, әлемдік ғылымға мұра етіп қалдырды. Ол өзінің даластына деген сүйіспеншілігін өмірінің соңына дейін тұмардай сақтап, оны иманына айналдырды. Қарқаралы, Баянауыл, Ұлытау, Байқоңыр бойындағы тас мұсіндердің, таңбалардың тарихын зерттеуін қазақ ғылымына қосылған өлшеусіз еңбек деп білеміз», – деп бір тұжырымдады.

Енді бірде «Әлбетте, қай қаламгердің болса да, шығармашылық есү жолы оның ғұмырнамалық дерек көздерімен тығыз байланысты болмақ. Қаламгердің «Доктор Дарханов» романы оның өз өмірінен сыр шертеді десек, бас кейіпкердің прототипі де жазушының өзі екені айқын. Әйткені кейіпкермен автордың өзара тығыз байланысы, жан күйзелісіндең бірлігі кім-кімді болса да, осындаі ойға итермелейді», – деп З. Шашкин шығармашылығына бет бүрады. Ал «тарихтың тарланы» Е. Бекмахановтың тұлғасы тіптен бөлек: «Е. Бекмаханов – алашшыл ағалар жолын өмірлік мұрат етіп, осы жолда аянбай тер төккен, талмауыр тұстарда саз кешкен жандардың бірі. Әрине, бұны өмір жалғастығы, дәстүр сабактастығы десек те, ол қасиетті екінің бірі бойына дарыта бермесі анық. Бұның айғағы ретінде біз Ермұхан Бекмаханұлының шығармашылық өмір жолы мен адамдық болмыс-бітімін, алға қойған мақсат-мұратын айтсақ болады».

«Әдебиет әлемінде ерен енбегімен ерекшеленетін ұлы тұлғалар

бар да, ескерусіз қалатын, бірақ ұлттық сөз өнерінің өрсін кеңейтіп, өркендер-дамуына ат салсыып, бір кісідей үлес қосқан қаламгерлердің де бар екендігін ұмытпаған жөн. Солар сынды елеусіз қалып, аты аталмай, заты салмақтанбай жүргендердің бірі, быыл тоқсан жылдығын атап өткелі отырған мерейтой иесі, жерлес акын ағамыз – Қабдықәрім Ұйдырысов» деген де С. Сүтжанов. «Қалижан Бекхожин жарты ғасырға жуық әдебиет майданына белсене араласып, оның барлық саласында дерлік өнімді еңбек етіп, тамсантар туындылар бергені баршаға белгілі. Алайда, ол сөз сарасы – өлеңмен өрнектелген өшпес дүниелерімен ерекшеленді. Ол өмір бойы сөз киесіне деген иелігін сездіріп, өршіл дауысынан бір тынбады. Тағы бір айтарымыз, Қалекенің әпикалық жанрда қалам тартып, «Ақсақ құлан», «Батыр Науан», «Аппақ-нәме» дастандарын жазуы – ұлттық ұяны аңсауы, Алаш арыстарының аманатын арқалауы десек болады. Өсіресе оның сталиндік репрессия кезінде, саясаттың салқынынан сескенбей орыс империясының отаршылдығына қарсы ұлт-азаттық күрестің сардары – Кенесары Қасымұлы мен Наурызбай батырды халық қаһарманы етіп суреттеуі – ерен ерлік емей, немене?! Сол дастандағы:

Жүргегім өрт болады ер дегенде,
Ерді айтсам енірекен ел дегенде.
Ежелден ерлік істі елім сүйген,
Сондықтан сүйсінемін ерге менде,

– деген жолдар М. Жұмабаевтың «Батыр Баянымен» үндестік тауып жатқан жоқ па?! Бұл – сонау Түркі қағанаты тұсында тасқа қашалып жазылған дастан «Күлтегіннен» бастау алған ерлікті, елдік жырлаудың көркем дәстүрі-ау, сірə?!! – деп түгендегені де ақырат.

Қазіргі ғылым көп сұранысты қажет етеді. Барыңмен тоқтап қалуға да болмайды. Асырып адасып кетуге де жол жоқ. Том-том еңбек жазудың да қажеттігі аз заманға кез болдық. Ендігі кезекте абыройынды асқақтарат тұстың бір жағы – шәкірт дайында да, екінші жағы ғылыми көзқарасынды қысқа да нұсқа жазу арқылы жеткізу. Осы жағына көніл аудара түссеніз, С. Сүтжанов мақалаларында айтылған ой сөрелерінің өміршендігіне күә боласыз.

Жалпы, ғылыми мақала айтары – бастау да, жетері – монография. Жоғарыда тілге тиек болған «Түркі түлектері, Алаш азаматтары» тіркестері «ХХ ғасыр басындағы қазақ және түркі халықтары әдебиетінің типологиялық сипаты» атты докторлық диссертациясында қозғалған мәселелер болатын. Диссертация 2006 жылы қорғалып, он бағасын алды. Бұл жайт кейіннен «Алаш және түркі руханияты» атты қомақты еңбекке ұласты. Еңбек 2008 жылы жарияланды. Оナン бері он жылдан асты, бұл жылдар осы еңбекте айттылған ғылыми тұжырымды тұрақтандыруға алмasti. Мүмкін, біз енді бастап жүрген болармыз. Бірақ ғылымдар түйіспелілігі мәселесін С. Сүтжанов шешкендей болып тұрады. Галымдардың ғылыми конфликтісін пайда болатын контактология мәселесін өңірімізде екінші рет қолға алған ғалым С. Сүтжанов екени анық. Алғашқысы Б. Уақатовтың еншілігімен танылған да болатын. Қалай болғанда да, ғалымдар сабактастығы мен ғылыми сабактастық керекулық ғалымдардың мәндайына жазылыпты.

С. Сүтжанов аталмыш тақырыптың көкейтестілігін дөп басты. Әйтпегенде, егемендік алған туысқан бауырлар жаңа ғасыр асуында тұпкітуркілік байланысты жоғалтуға шақ қалған-тын. Ғылыми әнбек соны серпін әкепді. Еңбектегі текстестік пен тамырластық, түрікшілдік концепция, алмасу барысындағы дәстүрлік үрдіс, тіпті сюжеттік, идеялық ұқсастықтар қайта қозғалып, ғылыми байланысқа шақырды. Іліп алып кеткен қазақстандық ізденушілер де, көз қызын салып, тісі батпай отырган басқа бауырластар сияқты. Шындығында, қазіргі жаһанданулық сипатта түркі тарихы мен әдеби байланыстарын жоғалту барымыздан айырылу мен болашақта күмәнданды болып саналады. Осы ойда жүрген әдебиетші ғалым Анадолы түріктері мен Ресей бодауындағы башқұрт, татар бауырларымыздың ел-жеріне барып, байланысты жаңғыру тустинде. Ғылыми әнбек тек қана туыстас жүрттың байланыстығымен шектеліп қалмайды. Атасы басқа араб ғылымы мен Үнді зиялыштырының әңбектерін қотара беріп, олардың айтуындағы бүкілжүрттық идеяларды қостай кетеді. Демек, шынайы контактология мәселе қозғалады. С. Сүтжановтың бағалауындағы «Рухани алмасу арналары», «Қазақ және түркі руханияты», «Қазақ-түркі әдеби байланыстары», «Сопылық таным тағылымы», «Сопылық гибратнама», «Түркі текстес халықтар әдебиеті» атты еңбектер атаптап ғылым арнасын кеңітіп, XX ғасыр басындағы әдеби байланыстарды жоғарғы деңгейде тұрақтандырғандығы анық.

«Сайып кепгенде, зиялды деп атаптатын әрбір ұлт өкілінің ғұмыры мен өнернамасын сөз ету арқылы біз олардың тарих толқынында жүрсе де, зайырлы ой-пікірден ауытқымауын айғақтап, Хақ жолындағы ақ, адаптандардың асыл қасиеттерін үлгі етеріміз анық» деген әдебиетші-ғалым С.Н. Сүтжановтың да ғұмыры мен білімнамасында сөзді серік ету бар. Сөз арқылы «адал жандардың асыл қасиеттерін үлгі етері» бар. Сөзі қалған немесе сөзі жеткен тұлғаларды талмай іздел тауып, оқырманымен қауыштыруды да өзіне парыз санаған. Парызы мен міндеттін қарызға ұластырмаган алашшыл азамат жаңа жастың асуына да жетті. Осында саналы ғұмырында білім-ғылымнан әдебиетші-ғалым деген атты иеленіп, ері оның абырайын асыруға ат салысып жүрген С. Сүтжановтың бергені мен берері тоғысқан толысқан шағындағы мерейтойымен құттықтаймыз.

**Бекен САҒЫНДЫҚҰЛЫ
ғылым докторы, профессор**